

## № \_\_\_\_\_ БАС КРЕДИТТІК КЕЛІСІМІ

\_\_\_\_\_ к.

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Банк» деп аталатын «**First Heartland Jusan Bank**» акционерлік қоғамы атынан уәкілетті өкіл негізінде әрекет ететін құжатты көрсету негізінде іс-әрекет ететін Банктің уәкілетті өкілінің лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету бір тараптан және

бұдан әрі «Клиент» деп аталатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету [атынан уәкілетті өкіл негізінде әрекет ететін құжатты көрсету негізінде іс-әрекет ететін тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету] екінші тараптан және

бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету [атынан уәкілетті өкіл негізінде әрекет ететін құжатты көрсету негізінде іс-әрекет ететін тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету] үшінші тараптан<sup>1</sup> және

егер өзге бірлесіп қарыз алушылар болған жағдайда, оларды тиісті нөмірлермен көрсету керек

келесі абзац барлық клиенттер мен бірлесіп қарыз алушыларды (бар болса) ескере отырып жазылсын.

[Клиент және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірлесіп бір тарапты білдіреді, бұдан әрі осы Бас кредиттік келісімнің мәтіні бойынша бірлесіп "Клиент" деп аталады, олар көрсетілген міндеттемелердің орындалуы үшін толық ортақ жауапкершілікте болады, бұл ретте осы Бас кредиттік келісімдегі Клиентке барлық сілтемелер Клиентті, [Бірлесіп қарыз алушыны,] [Бірлесіп қарыз алушыларды,] оларды бірге, сондай-ақ олардың әрқайсысын жеке білдіреді, бұл ретте Клиенттің барлық құқықтары мен міндеттері Клиентке [Бірлесіп қарыз алушыға] [Ортақ қарыз алушыларға] тең дәрежеде қатысты болады]<sup>2</sup>

Клиент осы Бас кредиттік келісімді жасасу арқылы (бұдан әрі – «Келісім») Банк Басқармасы бекіткен (\_\_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ хаттама) (Келісімді дайындау сәтіндегі хаттаманың деректемелері мен күнін көрсету) Банктің интернет-ресурсында [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz) мекенжайы бойынша жарияланған Заңды тұлғаларға және заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыруды ұсыну бойынша стандартты шарттарға (бұдан әрі - Стандартты шарттар) оларға енгізілетін барлық өзгерістер және толықтыруларға келісім береді және Стандарттық шарттардың талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемелерін өзіне алады.

Банк пен Клиент бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп атала отырып, төмендегілер туралы келісім жасады:

Келісімде пайдаланылатын бас әріппен және кіші әріппен жазылған терминдер мен қысқартулар, егер Келісімде және (немесе) Қаржы құралын алу туралы өтініште (бұдан әрі – өтініш) басқалай келісім болмаса, стандартты шарттарда айқындалған мағынаға ие болады. Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте стандартты шарттар, келісім мен өтініш тек бірыңғай құжат ретінде қаралады.

### 1. Жалпы шарттар

<sup>1</sup> Келісімнің мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мазмұнына, тиісті уәкілетті органның/банк тұлғасының шешімінің болуына және т.б. байланысты қабылданады не Келісімнің мәтінінен алынып тасталады, Келісім мәтінінен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастаған кезде, қажет болған жағдайда, Келісімнің келесі тармақтарының/тармақшаларының нөмірленуін өзгерту қажет. Клиент кредит беру кезінде Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

<sup>2</sup> Бірлескен қарыз алушы(-лар) болған жағдайда.

**1.1. Келісімнің мақсаты:** Клиентке [жаңартылатын] [жаңартылмайтын] Кредиттік желі ұсыну, оның шеңберінде Банк Клиентке келесі шарттарда [бизнес-жоспарға немесе техникалық-экономикалық негіздемеге және (немесе) Клиент ұсынған өтінішке сәйкес және тиісті Кредит беру бағдарламасына сәйкес келетін мақсатты көрсету] Қаржы құралдарын ұсынады:

1) Лимиттің жалпы сомасы мен валютасы:

– соманы цифрмен және жазумен көрсету керек [жаңартылатын] [жаңартылмайтын] негізде;

2) мерзімі: Кредиттік желі Лимит шегінде \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап (ашылған күні) \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылға дейінгі кезеңге (жабылу күні) беріледі;

3) Кредиттік желінің қолжетімділік кезеңі - Клиент Келісім аясында Қаржы құралдарын ала алатын уақыт аралығы, ол \_\_\_\_\_ айды / 20\_ жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі уақыт аралығын құрайды.

**1.2.** Кредиттік желі аясында Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Банк клиентке жалпы сомасы Келісімнің 1.1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген лимит сомасынан аспайтын, Стандартты шарттарда, Келісімде және Келісім шеңберінде жасалатын өтініштерде көзделген талаптармен Қаржы құралдарын береді.

**[1.3. Сыйақы мөлшерлемесінің түрі, жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Келісім жасалған күнгі дәйекті жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері:** [орнықты] [өзгермелі]; жылдық (мөлшерлемені цифрлармен көрсету) пайыз, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі: жылдық (мөлшерлемені цифрлармен көрсету) пайыз.

[Өзгермелі сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі: \_\_\_\_.]<sup>3</sup>

**1.4. Өтеу тәсілі:** қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз тәртіпте.

**[1.5. Өтеу әдісі:** [аннуитетті (тең төлемдермен өтеумен)] [сараланған (негізгі борышты тең үлестермен өтеумен)] [өзге өтеу әдісі].

**1.6. Қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігі.**

Клиент-заңды тұлға Келісім бойынша жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Клиенттің Келісім бойынша міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

1) Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары;

2) Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;

3) негізгі борышты және сыйақыны төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);

4) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;

5) негізгі борыш бойынша берешек;

6) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

7) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;

8) жоғарыдағы 3) тармақшада көрсетілгендерді қоспағанда, тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы).

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Клиент-жеке тұлға Келісім бойынша жүргізген төлем сомасы, егер ол Келісім бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;

2) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;

3) тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

6) Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;

7) Банктің орындауды алу жөніндегі шығыстары.

<sup>3</sup> Келісім бойынша Қарыз беру Банктің уәкілетті органының шешімімен көзделмеген жағдайда өшіріледі.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Клиент-жеке тұлға жүргізген келісім бойынша төлем сомасы, Келісім бойынша төлем мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күн өткен соң егер ол Келісім бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;
- 3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 5) тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);
- 6) Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;
- 7) Банктің орындауды алу жөніндегі шығыстары.

### **1.7. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық төлемін есептеу тәртібі және оның мөлшері.**

Қарыз бойынша ай сайынғы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер бұзылған кезде Банк Клиенттен өтеу кестесіне сәйкес өтеу күнінен кейінгі бірінші күннен бастап мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасының *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрмен (жазбаша) көрсету* мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқылы.

Бұл ретте, егер Клиент заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылса, онда мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін тұрақсыздық төлемінің мөлшері мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасының 0,03% (нөл бүтін жүзден үш пайыз), бірақ Өтініш қолданылатын әрбір жыл үшін қарыз сомасының 10% (он пайызынан) аспайды.]<sup>4</sup>

### **1.8. Қаржы құралын беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі мен мөлшері:**

#### **Қарыз ұйымдастыру үшін комиссия:**

– лимит белгіленген кезде лимит сомасынан *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)* комиссия алынады. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.*

– қаржыландыру лимиті ұлғайған кезде бекітілген ұлғаю сомасынан – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)* комиссия алынады. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.]*

#### **Қаржыландыру шарттарын өзгерткені үшін комиссия:**

– қаржыландыру шарттарын өзгерткені үшін (өтеу кестесін, қарыз валютасын, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, қаржыландыру мерзімін өзгерту, қолжетімділік кезеңін ұзарту) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету).* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.*

– Қарыз бойынша кепіл зат(-тар)ының талаптарын өзгерту жөніндегі мәселелерді қарағаны үшін, сондай-ақ кепіл зат(-тар)ын ауыстыру, кепіл берушіні (берушілерді) ауыстыру кезінде – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшерін цифрмен көрсету (комиссия мөлшерін жазумен көрсету) (керексізін алып тастау).* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.*

– өзге де, оның ішінде Клиентпен (Бірлесіп қарыз алушымен), Кепілгермен (Кепіл болушымен) байланысты шарттардың өзгергені үшін, сондай-ақ ерекше шарттардың тармақтарын орындау шарттарының өзгергені үшін – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету).* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.*

<sup>4</sup> Келісім бойынша қарыз беру Банктің уәкілетті органының шешімімен көзделмеген жағдайда өшіріледі.

– күнтізбелік ай ішіндегі қарыз кестесі бойынша төлем күнін өзгерту, қарызды өтеу әдісін өзгерту (қарызды өтеу шарттарын өзгертпей) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету) (керексізін алып тастау)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

[Лимитті белгілеу үшін алынатын [Кепілдік]/[Қарсы кепілдік]/[Аккредитив] жөніндегі комиссиялар:

Қаржыландыру лимиті белгіленген кезде лимит сомасынан *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)* комиссия алынады. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

– Қаржыландыру лимиті ұлғайған кезде бекітілген ұлғаю сомасынан *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)* комиссия алынады. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету]*

[Қаржыландыру шарттарын өзгерткені үшін комиссия:

– Келісімнің, [Кепілдіктің]/[Қарсы кепілдіктің] мерзімін өзгерткені үшін– *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі - *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

– Өтем жасалған аккредитивтерді (100% ақшамен қамтамасыз етілген) қоспағанда, Келісім бойынша Кепіл зат(-тар)ының талаптарын өзгерту жөніндегі мәселелерді қарағаны үшін, сондай-ақ кепіл зат(-тар)ын ауыстыру, Кепіл берушіні (берушілерді) ауыстыру кезінде – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

– өзге де, оның ішінде Клиентпен (Бірлесіп қарыз алушымен), Кепілгермен (Кепіл болушымен) байланысты шарттардың өзгергені үшін, сондай-ақ ерекше шарттардың тармақтарын орындау шарттарының өзгергені үшін – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету.*<sup>5</sup>

[Қарыздар] /[Кепілдіктер] /[Қарсы кепілдіктер] /[Аккредитивтер] бойынша анықтамалар бергені және посткредиттік қызмет көрсету жөніндегі өзге де қызметтер үшін комиссиялар:

– Клиенттің өтініші бойынша кепілмен қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, көлік құралы бойынша жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге рұқсат туралы анықтама бергені үшін / Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), кепілзаттық қамтамасыз ету аумағында жүргізілген қайта жоспарлауды, құрылыстарды, жапсарлас құрылыстарды заңдастыруға келісетіні туралы анықтама бергені үшін / Клиенттің басқа сұраныстары бойынша келісім беру – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

– Клиенттің өтініші бойынша иеліктен шығаруға салынған тыйымды алып тастамай, клиенттің кредиттік досьесіндегі кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды бергені үшін (занды ескертулерді жою және ерекше шарттарды орындау мақсатында құжаттарды беру жағдайларын қоспағанда) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

<sup>5</sup> Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив беру кезінде көрсетіледі.

– Клиенттің өтініші бойынша – Өтініш бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, төленуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып) туралы құжат (несие шоты бойынша үзінді). Айына бір рет-тегін, айына бір реттен артық – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*;

– Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы Клиенттің өтініші бойынша – қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы анықтама (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып төленуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып) – тегін/*Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

– Клиенттің өтініші бойынша несиелік берешек туралы анықтаманы бергені үшін/Клиент пайдаланатын тарифтік жоспарға сәйкес Клиенттің басқа да сұраулары бойынша анықтаманы ұсынғаны үшін. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

*Өнім паспортына/Банктің тарифтеріне / уәкілетті органның шешіміне сәйкес алып тастауға/тармақты басқа комиссиялармен/төлемдермен толықтыруға болады.]*

### **1.9. Қарызды, сыйақыны өтеу тәртібі мен кезеңділігі.**

Қарыз, есептелген сыйақы сомасын Клиент Банктің кассасы арқылы ақша салу, ақшаны қашықтағы терминал арқылы салу, Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен немесе өзге де тәсілдермен өтейді кезеңділігін көрсету керек - ай сайын, тоқсан сайын және т.б.

## **2. Қаржы құралдарын ұсыну шарттары**

**2.1.** Банктің Келісім бойынша Қаржы құралдарын беру жөніндегі міндеттемесі Клиенттің Қаржы құралдарын беру үшін қажетті шарттарды немесе Банктің қалауы бойынша өзге де шарттарды тиісінше орындауына байланысты болады.

Клиентке Қаржы құралдары Келісім шеңберінде жасалған өтініштер негізінде және Белгіленген лимит шегінде беріледі.

## **3. Қамтамасыз ету тәсілі**

[**3.1.** Келісім бойынша, сондай-ақ Өтініштер бойынша клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін (қамтамасыз ету түрін көрсету): *а) (кепіл затының жеке айқындалған белгілерін көрсету (жылжымайтын мүлік бойынша орналасқан жерінің мекенжайы); б) банктік салым/кепілсалым шарты бойынша ақша сомасы мен валютасы, оның нөмірі мен күні (депозиттегі/кепілсалымдағы ақша кепілі бойынша); в) Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес өзге мүлік (қажет емесін алып тастау керек).*]

[Қамтамасыз етуді бағалау Қамтамасыз ету шарт(-тар)ында көрсетіледі]<sup>6</sup>.

[Банк қарыз беру жөніндегі міндеттен тиісінше ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген Қамтамасыз ету шарт(-тар)ын бергенге дейін босатылады]<sup>7</sup> [Тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген қамтамасыз ету шарт(-тар)ын клиент келісім бойынша Банкке (Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Қамтамасыз ету шарты ұсынылуы тиіс мерзімді көрсету керек (қажет емесін алып тастау керек) мерзімінде береді.]<sup>8</sup> [Келісім міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей жасалған жағдайда, осы тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

<sup>6</sup> Егер қамтамасыз ету бағалауға жатпайтын кепіл болып табылса, тік жақшада көрсетілген кепіл алынып тасталады.

<sup>7</sup> Қарыздар тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету шарттары ұсынылғаннан кейін берілген жағдайда көрсетіледі.

<sup>8</sup> Қаржы құралдары Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету шарттарын ұсынғанға дейін ұсынылған жағдайда көрсету.

3.1. Клиенттің Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуы талап етілмейді.]

#### **4. Келісім бойынша берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және Клиент келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар**

**4.1.** Банктің Стандарттық шарттардағы талаптары қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Клиент стандарттық талаптарда көрсетілген құқықтарды орындамаған немесе Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар арасында Келісім талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаса, Банк Стандарттық шарттарда берілген шараларды оған қоса, бірақ онымен шектелмей қолдануға құқылы:

- 1) клиентке қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарау;
- 2) клиенттен тұрақсыздық төлемін (өсімақы, айыппұл) төлеуді талап етуге құқылы;
- 3) клиенттен банк пен Клиент арасында жасалған келісім және өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы;
- 4) Клиенттің қосымша келісімінсіз Келісім бойынша берешектің кез келген мерзімі кешіктірілген сомасын (оның ішінде банктің тұрақсыздық төлемін/залалын) Банкте немесе кез келген басқа банктерде, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған барлық/кез келген банк шоттарынан (ҚР заңнамасында берілген талаптар мен ерекшеліктерді ескере отырып) даусыз тәртіппен алуға/ есептен шығаруға;
- 5) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге;
- 6) ҚР заңнамасында берілген жағдайларды қоспағанда, кепілге қойылған мүлікті соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға немесе Клиенттің берешегін сот тәртібімен (оның ішінде берешекті өндіріп алуды ҚР заңнамасында берілген тәртіпте үшінші тұлғаларға тапсыруға) өндіріп алуға;
- 7) Клиенттің кез келген мүлкінен сот тәртібімен өндіріп алуға;
- 8) Қаржы құралын біржақты тәртіппен тоқтатуға / тоқтата тұруға;
- 9) ҚР заңнамасына және Тараптардың келісіміне сәйкес берешекті өндіріп алу жөнінде басқа да шаралар қабылдауға. Қандай да бір шараны қолдану (немесе жиынтығында шаралар қолдану) қажеттілігін Банк өз бетінше анықтайды.

#### **5. Келісімнің қолданыс мерзімі**

**5.1.** Келісім оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім және өтініш(-тер) бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

#### **6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**6.1.** Тараптардың ҚР заңнамасында, Стандартты шарттарда көзделген құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шектеулері бар.

**[6.2.** Банк (Стандартты шарттар бойынша өзге құқықтардан басқа) құқылы):

Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Стандартты шарттарда көзделмеген құқықтарды көрсету.]

**[6.3.** Клиент міндетті (стандартты шарттар бойынша басқа міндеттемелерден басқа)):]

**[6.3.1.** Клиенттің Келісім бойынша міндеттерді орындау қабілетінің, сондай-ақ Банктің өз құқықтарын Клиенттің Банктегі ақшасы есебінен іске асыру мүмкіндігінің мониторингін қамтамасыз ету мақсаттары үшін – Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Банктегі өзінің банктік шот(-тар)ы бойынша ақшаның кемімейтін ай сайынғы кредиттік айналымын (қаржылық көмекті, қарыздарды, фирма ішіндегі және т. б. төлемдерді есепке алмағанда) кемінде айына \_\_\_ (\_\_\_) \_\_\_ кем емес сомада ұстап тұру. Бұл ретте осы Шарт Клиенттің өзге екінші деңгейдегі банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банк шоттарын ашу құқығын шектеу болып табылмайды.]]<sup>9</sup>

<sup>9</sup> Банктің тиісті уәкілетті органының/тұлғасының шешімінің болуына қарай.

[Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Стандартты шарттарда көзделмеген міндеттерді көрсету.]

## **7. Тараптардың жауапкершілігі**

**7.1.** Келісім шарттарын бұзғаны үшін Тараптар ҚР заңнамасына және Стандартты шарттарға сәйкес жауапты болады.

**7.2.** Стандартты шарттарда көзделген жауапкершілік шараларынан басқа, Клиент Банкке төлеуге міндеттенеді:

[Кепілдіктер]/[Қарсы кепілдіктер] бойынша тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар):

– Банк бенефициардың пайдасына [Кепілдік]/[Қарсы кепілдік] сомасын және/немесе [Кепілдікті]/[Қарсы кепілдікті] пайдаланғаны үшін төленбеген комиссия сомасын төлеген жағдайда Клиент Банк белгілеген мерзімде ағымдағы шотта ақшаның болуын қамтамасыз етпегені үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету), Берешекті іс жүзінде өтеген кезге дейін не банктік қарыз шартын жасасқанға дейін мерзімі кешіктірілген берешектің әрбір күні үшін (қажет емесін алып тастау) [90 (тоқсан) күн өткеннен кейін Клиент төлейді – Клиент өз мерзімінде немесе банктік қарыз шартын жасасқанға дейін ағымдағы шоттағы қамтамасыз етпеген ақша сомасынан 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайыз/ (тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін цифрмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазумен көрсету) пайыз (қажет емесін алып тастау), бірақ Өтініштің әрекет ететін әрбір жылы үшін Кепілдік/Қарсы кепілдік сомасының 10 (он) пайызынан көп емес.]<sup>10</sup>.]*<sup>11</sup>

[Аккредитивтер бойынша тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар):

1) Банк төлеген аккредитив бойынша міндеттемелер сомасын уақтылы төлемегені үшін, аккредитив бойынша тәуекелдер үшін мерзімі кешіктірілген комиссия үшін және контрагент банктердің Банк төлеген комиссияларын қоса алғанда, Аккредитив бойынша өзге де комиссиялар үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету);]*

Қарыздар бойынша тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар):

1) Қарызды мақсатсыз пайдаланғаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;*

2) мыналар үшін үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы):

– ішінара мерзімінен бұрын өтеу \_\_\_\_\_,

– негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеу – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;*

3) басқа банкте қайта қаржыландыру кезінде Келісімді бұза отырып, негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтегені үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;*

4) Келісім бойынша орындау мерзімі бар міндеттемелерді орындамағаны/уақтылы емес/тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (өсімақы) – *Банктің уәкілетті*

<sup>10</sup>Клиент ЖК (ШҚ)болған жағдайда қолданылады

<sup>11</sup> Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік ұсынған кезде

органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;

5) Келісім бойынша орындау мерзімі жоқ міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл) – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету. Қаржы құралдары бойынша тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар):

1) Банктің уәкілетті органы айқындаған мөлшерде Банкте ақша аудару және/немесе айналымдарды қолдау жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;

[2) Ерекше жағдайлар болған кезде Келісімнің 8.1-тармағының тармақшаларының нөмірлерін көрсету және төменде көрсетілген үлгілерге сәйкес оларды бұзғаны үшін келісім және тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) мөлшері:

ерекше шарттар орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған кезде Банкке тұрақсыздық төлемі:

– Келісімнің 8.1-тармағының тармақшасын көрсету көзделген міндеттемелер – Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін және есептеу тәртібін көрсету мөлшерде тұрақсыздық төлемі. Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;

– Келісімнің 8.1-тармағының тармақшасын көрсету көзделген міндеттемелер – Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін және есептеу тәртібін көрсету мөлшерде тұрақсыздық төлемі. Төлеу тәртібі – Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету].

Өнімнің паспортына/уәкілетті органның шешіміне сәйкес алып тастауға/тармақты басқа тұрақсыздық төлемдерімен (айыппұлдармен, өсімақылармен) толықтыруға болады.

## **8. Басқа шарттар**

**8.1. Ерекше шарттар:** (ерекше жағдайлар болмаған жағдайда тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "8.1. Ерекше шарттар жоқ", ерекше шарттар болған кезде оларды Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақта көрсету керек).

**8.2.** [Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне (Клиент Келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін) жасалған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарты кейіннен ұзарта отырып, мерзімді цифрлармен (мерзімді жазумен көрсету) көрсету мерзіміне жасалады. Сақтандыру шарты кредиттеудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда, Келісімде Сақтандыру шартын ұзарту деп бұрын жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен күннен кейінгі күннен кешіктірмей, жаңа күшіне енген Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) немесе бұрын қолданыста болған сақтандыру шартына сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту туралы қосымша келісімді, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысының төленгенін растайтын басқа құжатты (құжаттарды) және Қазақстан Республикасы заңнамасының және сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзге де қажетті құжаттарды ұсыну арқылы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту түсініледі.

[Клиент тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын Қаржы құралы берілгенге дейін Банкке ұсынады. Тиісті түрде ресімделген сақтандыру шарты берілгенге дейін Банк қаржы құралын беру жөніндегі міндеттен босатылады.]<sup>12</sup>

<sup>12</sup> Қаржы құралы Клиент Банкке тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын бергеннен кейін берілген жағдайда, тік жақшада көрсетілгендерді келісімнің мәтінінде қалдыру керек.



[Клиент тиісті түрде ресімделген Сақтандыру шартын Банкке *Сақтандыру шарты берілуге тиіс мерзімді көрсету керек* ішінде ұсынылады.] <sup>13</sup>

Сақтандырушы туралы деректер:

(*Сақтандырушы туралы қажетті мәліметтерді, атауын, деректемелерін, телефон нөмірлерін және мекенжайын көрсету*.)]

[Келісім аясында Сақтандыру қарастырылмаған.]<sup>14</sup>

**8.3.** Келіссөздер жолымен реттелмеген осы Келісіммен байланысты барлық даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төреліктерге ведомстволық бағынысты емес дауларды қоспағанда, Банктің немесе оның филиалының (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында не «Алматы төрелік соты» ЖШС (БСН 160940010655) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Алматы төрелік сотында оның осы төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын регламентіне сәйкес, талап қою/өтініш беру күніне қолданыста болатын редакциядағы Қазақстан Республикасының соттарында талап қоюшының/өтініш берушінің таңдауы бойынша қарауға жатады.

**8.4.** Келісімде көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар стандартты шарттарды, Келісім шеңберінде жасалатын өтініштерді, Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Егер Келісімде Стандартты шарттардың ережелерінен ерекшеленетін өзге ережелер (өзге мерзімдер, ақпаратты / есептілікті ұсыну тәртібі, міндеттемелер / міндеттер және т. б.) белгіленген жағдайда, Келісімнің ережелері басымдыққа ие болады, тиісінше осы бөліктегі Стандартты шарттардың ережелері Клиентке қолданылмайды немесе Келісімде жазылған шарттардың мазмұнына байланысты өзгереді. Келісімге барлық қосымша келісімдер Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер Келісімнің қандай да бір шарты заңсыз немесе жарамсыз болса, бұл Келісімнің басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер етпейді. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу нәтижесінде келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

**8.5.** Келісімге қол қою арқылы Клиент Стандартты шарттардың талаптарын қабылдайды және мыналарды растайды:

– Стандартты шарттарды Клиент оқыды, толық көлемде қабылдады, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз, Клиенттің ақылға қонымды мүдделерін басшылыққа ала отырып қабылданбауы мүмкін қандай да бір ауыр шарттар жоқ;

– Стандартты шарттармен және Келісім шеңберінде жасалатын өтініштермен жиынтықтағы келісім бірыңғай құжат болып табылады;

– Клиент Стандартты шарттарды оқымағанының / түсінбегенінің / қабылдамағанының дәлелі ретінде Стандартты шарттарда оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

– Стандартты шарттардың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;

– Келісім жасасу және оның талаптарын орындау, оның ішінде Келісім бойынша қарыз беру ҚР заңнамасының кез келген нормасын бұзбайды және бұзуға әкеп соқпайды.

**8.6.** Құпиялылық туралы ережелер стандартты шарттармен анықталған.

**8.7.** Келісім заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей даналар санын көрсету данада жасалды, олардың әрқайсысы түпнұсқа болып саналады, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан беріледі. Келісімнің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні әртүрлі оқылған жағдайда, Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні Келісімнің мемлекеттік тілдегі мәтінінен басым болады.

<sup>13</sup> Қаржы құралы Клиент Банкке тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын ұсынғанға дейін ұсынылған жағдайда, тік жақшада көрсетілгендерді Келісімнің мәтінінде қалдыру керек.

<sup>14</sup> Сақтандыру көзделмеген жағдайда.

## 9. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:

**БАНК:** «Jusan Bank» АҚ, А26F8T9, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғылы, 242-үй; БСН 920140000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, Бек 14, Банктің ресми интернет-ресурсы – [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz), e-mail: [info@jusan.kz](mailto:info@jusan.kz), заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу тураоы 18.03.2021ж. анықтама.

«Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету, филиалдың пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, телефондарын көрсету, БСН № көрсету, филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы № куәліктің нөмірін және берілген күнін көрсету куәлік/филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы берілген күнін көрсету анықтама.

**[КЛИЕНТ:** заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық, пошта индексін, тұратын мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберуге арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық пошта мекенжайын көрсету, [жеке куәлік (паспорт) №, берілген күнін және құжатты берген органды көрсету,] БСН/ЖСН № көрсету, «Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалында ашылған № шот нөмірін көрсету ағымдағы шот, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы тіркеу (қайта тіркеу) күнін көрсету ж. № куәлік/анықтама нөмірін көрсету куәлік/анықтама]

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық, пошта индексін, тұратын мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберуге арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық пошта мекенжайын көрсету, [жеке куәлік (паспорт) №, берілген күнін және құжатты берген органды көрсету,] БСН/ЖСН № көрсету, «Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалында ашылған № шот нөмірін көрсету ағымдағы шот, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы тіркеу (қайта тіркеу) күнін көрсету ж. № куәлік/анықтама нөмірін көрсету куәлік/анықтама]

**ЖОҒАРЫДА МАЗМҮНДАЛҒАН АҚПАРАТТЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ,** және Тараптардың әрқайсысы Стандартты шарттармен және Келісім шарттарымен танысқанының, олармен келісетінінің, оларды түсінікті және өздері үшін ақылға қонымды деп есептейтінінің растамасы ретінде, Келісімді Тараптардың атынан олардың уәкілетті өкілдері жоғарыда көрсетілген күні жасасты.

### Тараптардың қолдары:

Банк атынан:

\_\_\_\_\_ ТАӘ, лауазымы  
МО

[Клиент атынан:] [Клиент:]

\_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

[[Бірлесіп қарыз алушы атынан:] [Бірлесіп қарыз алушы:]

\_\_\_\_\_ ТАӘ]

Осы арқылы біз, Банк («Jusan Bank» АҚ) және Клиент (Клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету),

[1-Клиент (1-клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету)]

[, 2-Клиент (2-клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету)]

[, 3-Клиент (3-клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету)]

арасында жасалған Келісіммен (Генеральное кредитное соглашение №\_\_ от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года) таныс бола отырып:

– Келісімге Бірлескен қарыз алушылар ретінде толық қосыламыз;

– осы Қосымшаны жасаған сәттен бастап біз Банктің барлық құқықтарын растаумен және Келісім бойынша Клиенттің [, 1-Клиенттің] [, 2-Клиенттің] [, 3-Клиенттің] барлық міндеттемелерін қабылдаумен Бірлесіп қарыз алушы ретінде Келісімнің шарттарымен байланысты болып табыламыз;

– Клиент [, 1-Клиент] [, 2-Клиент] [, 3-Клиент] үшін Келісім бойынша және болашақта Келісім шеңберінде жасалған және жасалатын мәлімдемелерден туындайтын барлық міндеттемелер бойынша Банк алдында толық ортақ міндеттемені өзімізге аламыз;

– Келісімнің барлық шарттарын тиісті түрде орындауға міндеттенеміз.

**Банк атынан:**

**[1-Клиент атынан:**

**[2-Клиент атынан:**

**[3-Клиент атынан:**

\_\_\_\_\_  
ТАӘ, лауазымы

\_\_\_\_\_  
ТАӘ, лауазымы

\_\_\_\_\_  
ТАӘ, лауазымы

\_\_\_\_\_  
ТАӘ, лауазымы

МО

МО]

МО]

МО]

**[Бірлесіп қарыз алушы атынан:**

\_\_\_\_\_  
ТАӘ, лауазымы]

МО ]<sup>15</sup>

[\_\_\_\_ ж. №\_\_\_\_ Бас кредиттік келісімге  
№\_\_ ҚОСЫМША

**«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы**

**ҚАРЫЗ АЛУ ТУРАЛЫ № ӨТІНІШ**

**(бұдан әрі -Өтініш)**

\_\_\_\_\_ к.

«\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

Бұдан әрі «Клиент» деп аталатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету атынан уәкілетті өкіл негізінде әрекет ететін құжатты көрсету негізінде іс-әрекет ететін тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету

[бұдан әрі «Бірлесіп қарыз алушы» деп аталатын заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар

<sup>15</sup> Осы Келісімге №\_\_ қосымша осы Келісім шеңберіндегі Қарыздар/Кепілдіктер/Аккредитивтер заңды тұлғалар-компаниялар тобына берілген жағдайларда ресімделуге жатады.

болса) толық көрсету атынан уәкілетті өкіл негізінде әрекет ететін құжатты көрсету негізінде іс-әрекет ететін тегін, атын, әжесінің атын (бар болса) толық көрсету,

[Келісім бойынша бірнеше Клиент болған жағдайда, Өтініштің мәтіні бойынша оларды "1-Бірлесіп қарыз алушы", "2-Бірлесіп қарыз алушы" және т.б. деп атау қажет.]

